

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі
де маңызды әлеуметтік-мәдени сана.
Діннің басты мақсаты – адамның рухани
жетілуі және оның
Жаратушы Құдайға сенімі

ҚР-ның Ата Заңы-
Конституциясының 1- бабында
«Қазақстан зайырлы мемлекет»
деп жазылған.

Қазақстанда ешқандай дін
мемлекеттік емес, қай дінге кіру,
кірмеу - азаматтың өз еркі
делінген.

Дін- адам баласының
Жаратушыға, айнала қоршаған
ортаға деген наным - сенімі.

Дін-адамдар арасындағы
бірлік пен ынтымақтастыққа
ерекше мән береді.

Имандылыққа жетелейді.

Әлемдік беделге ие
болған діндер қатарына
будда, христиан, ислам
(мұсылман) діндері
жатады.

Дүниежүзі діндері тарихынан.

Ислам діні.

Бұл Азия мен Африкада дамыған дін. Бұл діннің негізін салушы Мекке қаласының тұрғыны Мухаммед. Ол Алладан басқа құдай жоқ екенін уағыздады. Ол өзін – Пайғамбар - «Құдайдың жердегі өкілімін» деді.

Мұсылман дінінің заңдары-«шариға» деп аталады.

Мұсылман болу үшін төмендегі 5 шартты орындау керек.

Аллаға сену.

5 уақыт намаз оқу.

Ораза ұстау.

Әлсіздерге көмектесу, қайыр- садақа беру.

Қажылыққа бару.

Будда діні.

Үндістанда VI- V ғ. пайда болған. Оның негізін салушы Сиддхартһа Гаутама. Өмірге 563 ж келді. Будда дінінің қасиетті кітабы - Трипитака деп аталады. Үндістаннан Қытай, Жапония, Орталық Шығыс Азия мемлекеттеріне ауысты.

Христиан діні.

Осыдан 2 мыңдай жыл бұрын Рим империясында пайда болды. Христиан дінінің негізін салушы-Палестинаден шыққан уағыздаушы Иисус (Иса) пайғамбар еді. Иисустың жаулары оны крестке керіп қинап өлтірді. Ол үшінші күні тіріліп, аспанға ұшып кетеді. Иисустың шәкірттері ұстазын Христос деп, өздерін христиандармыз деді. Христиан дінінің қасиетті кітабі - Інжіл. IV ғ Римде христиан діні бүкіл Римге тарады. Ал Рим империясы батыс және шығыс болып екіге бөлінген соң христиан діні де шығыста - православиелік, батыста - католиктік болып бөлінді.

Дәстүрлі емес діни ұйымдар.

Қазір елімізде «дәстүрлі емес» діни ұйымдар өте көп. Ислам дінін уағыздаушылар Таяу және Орта Шығыс елдерінен келіп мешіт салып жастарды қатарларына тартуда. Олар «таза исламдар» деп санайтын «Уаһабилер» мен «Сәләфилер» жастарға теріс бағыт беруде.

Олардың теріс сипаттары:

Ата-баба аруағына құран бағыттау дұрыс емес дейді.

Сақалды өсіріп жібереді.

Киелі орын: Ахмет Иассауи, Арыстанбап, Бекет ата, Райымбек батыр кесенелерін жермен жексен етуде.

Жастарды әр түрлі діни ұйымдардан сақтау үшін
Ислам дінін үйреніп білуіміз керек.

Біздің мақсатымыз Ислам құндылығын сақтау,
әлемде бейбітшілік пен түсіністік болу, діндердің
бірін – бірі сыйлауы, ата – анасын, Отанын сыйлау.

Өзінің дінін сатқан, Отаның сатқан адамды
бұрыннан аямаған.

Сондықтан Жаратуша ием Алла - Тағала екенін,
қасиетті кітабымыз – Құран екенін, қасиетті үйіміз
– Мешіт екенін, дініміз – Ислам екенін ұғу
керекпіз.